

Байганин ауданы білім бөлімі
Бұлақтықөл орта мектебінің 2023-2024
оку жылындағы әлеуметтік педагогтың
жыл бойы жүргізілген жұмыстарының

ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйегіндегі №472 негізінде жоспар жасалынды.

Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Эр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік категорияғы отбасы балалармен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті үйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға косу жұмыстарын үйымдастыру.

Элеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
 - оку барысында қындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
 - тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
 - оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
 - аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
 - ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортага бейімделуіне жағдай жасайды;
 - тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
 - мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін ұнемі жүргізіп отыру;
 - мемелекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, құн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алудын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.
 - Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;
 - Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
 - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен "Мектепке жол" акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
 - ЖББ есебінен жазғы демалыс орталықтарына, жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Баланың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

1-бап. Заң қолданылатын сала

2-бап. Занда қолданылатын негізгі үғымдар

3-бап. Баланың құқықтары туралы зандар

4-бап. Балалардың тең құқылығы

5-бап. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын баланың құқықтары

6-бап. Баланың құқықтары

7-бап. Баланың білім алуга құқықтарын қорғау

8-бап. Баланың денсаулығын сақтауға құқықтарын қорғау

Тамыз айында , 2023-2024 оку жылында ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 қаулысы негізінде төмендегі статусына қарай қаржылай және материалдық көмек бөлінді 40567 тг 7 отбасындағы 20 оқушы ға берілді. Осыған қаржылай алған ата-аналар балаларына керек құралдарын алды чектерін тапсырып фото отчет алынды.

Қыркүйек айындың 6 күні статусына қарай 20 бала ыстық тамақпен қамтылды.

ҚР оқу агарту министрлігінің жарлығымен жалпы білім беретін мектептерге 1-4 сынып оқушыларына ыстық тамақпен қамтылу бұйырғы негізінде мектебімізде 25 қыркүйек күні 23 бала қамтылды.

3-4 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен оттан сактану жолдарын үйрету, жол ережелерін түсіндіру.

«Ыстық тамақтың сапасын мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерімен отырыс өткізіліп, мектеп асханасына тексеру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік парашаға салынды.

Қараша айында «Үздік әлеуметтік педагог-2023» байқауында III орынды иелендім.

1-4 сынып оқушыларымен ыстық тамаққа байланысты сауалнама алынды. Қорытындысы өте жақсы болды. Қызылбұлақ ауылдық округ әкімінің жаңа жылдық сыйлыққа көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасы, АӘК , аз қамтылған отбасының балаларының тізімі берілді.

Байганин ауданының әкімінің жаңа жылдық сыйлыққа арнайы санатпен қамтылған 5 отбасының балалары тізімі берілді.

«Қазақстанда Дүниежүзілік иммундау апталығына аясында екпе жасау арқылы өмір бойына өскелен үрпақтың денсаулығын қалай қорғауға болатындығы туралы Мектеп медбикесі Азамаотва Сәнімгүл мен бірге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп әлеуметтік желіге салынды.

Наурызнама тұжырымдасының «15 наурыз-Қайырымдылық күніне орай», «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаржылық қолдауымен ауылдық жерде тұратын 5-8 сыныпта оқытын оқушыларға жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында 6 сынып оқушысы Бисенбай Мирас (үздік оқушы) және Құнанбай Нұрталапқа (көп балалы) берілді. Мектепшілік «Атамекен» жағында лагерінде ыстық тамақпен 11 бала қамтылды. Алдағы оқу жылына жақсы жұмыстарға жоспарлар жасалады.

Мектеп директоры:

Әлеуметтік педагог:

О.А.Атангарин

Н.К.Қалдыбаева